

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Төрағасы – Ректор

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу

университеті» ҚБ АҚ

профессор

Е. Бурибаев

2026 ж.



Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Білім беру бағдарламалары: D003 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау

Талдықорған, 2026

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды және «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары бекітілген.

8D01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы сұхбаттан және емтиханнан (эссе жазу және 3 блоктан тұратын білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары) тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте эссенің үлес салмағы 20 балды, әңгімелесудің үлес салмағы 30 балды, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан 50 балды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті көрсеткіш 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. 8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

Докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

- зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру;
- маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;
- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылым саласының шекарасын кеңейтуге өздерінің түпнұсқа зерттеулерін енгізу;
- жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
- өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;
- білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуында академиялық және кәсіптік тұрғыда дамытуға жәрдемдесу.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

ЭССЕ бағалау критерийі

Критерийі	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

*А қосымшасында білім беру бағдарлама тобының эссе сұрақтары берілді.

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат докторантураға түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді.

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

№	Критерийі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Тандалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен	9

		тәжірибесін меңгеруі.	
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен сіз Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұсынатын «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
2. Бастауыш білім беру саласындағы академиялық және кәсіби мақсаттарыңыз қандай? Докторантурада қандай ғылыми бағыт бойынша дамуды жоспарлайсыз?
3. Университеттің ғылыми-педагогикалық ортасы мен білім беру бағдарламасы сіздің зерттеушілік және кәсіби мақсаттарыңызға жетуге қалай ықпал етеді деп ойлайсыз?
4. Егер докторантураға қабылдансаңыз, университеттің ғылыми, әдістемелік немесе қоғамдық дамуына қандай үлес қоса аласыз?
5. Докторантурада оқу сіздің ғылыми, педагогикалық және шығармашылық әлеуетіңізді қалай дамытуы мүмкін?
6. Бастауыш білім беру саласында педагогикалық немесе зерттеушілік тәжірибеңіз бар ма? Қандай жобаларға немесе жұмыстарға қатыстыңыз?
7. Егер алдыңғы біліміңіз басқа бағытта болса, не себепті бастауыш білім беру саласына ауысуды таңдадыңыз?
8. Қандай біліктілікті арттыру курстарынан, семинарлардан немесе ғылыми бағдарламалардан өттіңіз? Бұл дағдыларды кәсіби қызметіңізде қалай қолдандыңыз?
9. Ғылыми, педагогикалық немесе қоғамдық қызметтегі өзіңіз мақтан тұтатын жетістіктеріңіз туралы айтып беріңіз.
10. Ғылыми-зерттеу жұмысында командамен жұмыс істеуді ме, әлде жеке жұмыс істеуді ме қалайсыз? Зерттеу тобында қандай рөл атқара аласыз?
11. Қазіргі уақытта немен айналысасыз? Алдағы 5–10 жылда өзіңізді бастауыш білім беру саласында қай деңгейде көресіз?
12. Неліктен дәл бастауыш білім беру мамандығын таңдадыңыз? Неліктен докторлық дәреже алғыңыз келеді? Болашақта қай ғылыми мектеппен немесе зерттеу орталығымен жұмыс істегіңіз келеді?
13. Бастауыш білім беру саласындағы ғылыми-педагогикалық мансабыңызды қалай дамытуды жоспарлайсыз?
14. Егер таңдаған ғылыми бағытыңыз бойынша күткен нәтижеге жете алмасаңыз, қандай балама кәсіби бағыттарды қарастырар едіңіз?
15. Докторантурада қандай зерттеу тақырыбын таңдауды жоспарлайсыз? Бұл тақырыптың өзектілігі неде?

16. Сіздің зерттеуіңіз бастауыш білім беру тәжірибесіне қандай пайда әкелуі мүмкін? Қазіргі заманғы зерттеуші-педагог қандай қасиеттерге ие болуы керек деп ойлайсыз?

17. Университет сіздің ғылыми-зерттеу жұмысыңызды дамытуға қалай көмектесе алады деп есептейсіз? Сіздің зерттеу тақырыбыңыз университеттің ғылыми әлеуетіне қандай үлес қосады?

18. Қазіргі қоғамдағы интернет пен цифрлық технологиялардың бастауыш білім беру жүйесіне ықпалын қалай бағалайсыз?

19. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізудегі заманауи әдістер мен технологиялар туралы не білесіз?

20. Қандай зерттеу әдістерін қолдануды жоспарлайсыз?

6 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді,	8

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
	технологияларды қолданады	
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50 балл

***Б қосымшасында білім беру бағдарлама тобының емтиханды қабылдауға арналған бейінді пәндер бойынша сұрақтар тізімі**

Білім беру бағдарламасы бойынша бағдарламалық тақырыптар жүйесі

«Педагогика» пәні (бастауыш сыныптар үшін)

1.Педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері
Педагогика ғылымының қазіргі даму тенденциялары. Педагогиканың пәнаралық байланысы. Қазіргі білім беру философиясындағы гуманистік, конструктивистік және құзыреттілік тәсілдер. Педагогикалық ғылымдағы заманауи парадигмалар. Тұлғаны қалыптастырудағы биологиялық, әлеуметтік және педагогикалық факторлар.

2.Қазіргі білім беру жүйесіндегі дидактика және оқыту теориясы
Дидактиканың заманауи тұжырымдамалары. Цифрлық білім беру жағдайындағы дидактиканың рөлі. Оқыту үдерісінің мақсат, мазмұн, әдіс, форма және нәтиже компоненттерінің өзара байланысы. Дидактикалық ұстанымдардың маңызы. Білім беру мазмұнын жаңарту ерекшеліктері.

3.Инновациялық және цифрлық білім беру технологиялары
Білім беруді цифрландыру жағдайындағы педагогтің кәсіби құзыреттілігі. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне ықпалы. Қашықтықтан және аралас оқыту модельдері. STEM білім беру технологияларының ерекшеліктері. Цифрлық білім беру ресурстарының педагогикалық мүмкіндіктері.

4.Құзыреттілікке бағытталған білім беру және ХХІ ғасыр дағдылары
ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастырудағы педагогикалық технологиялар.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Оқу мотивациясын арттырудың заманауи әдістері. Құзыреттілікке негізделген оқыту ерекшеліктері. Өзіндік білім алу және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

5.Инклюзивті білім берудің педагогикалық негіздері
Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі. Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесі. Инклюзивті ортада педагогикалық қолдау көрсету технологиялары. Оқыту әдістері мен бағалау жүйесін бейімдеу жолдары. Инклюзивті білім берудегі педагогтің рөлі.

6.Педагогикалық коммуникация және эмоционалдық интеллект
Педагогикалық қарым-қатынастың тиімді ұйымдастырылу қағидалары. Педагогикалық коммуникацияның ерекшеліктері. Эмоционалдық интеллекттің білім беру үдерісіндегі рөлі. Мұғалім мен білім алушы арасындағы ынтымақтастық. Коммуникативтік мәдениет және кәсіби этика.

7.Қазіргі білім беру жүйесіндегі бағалау және мониторинг
Критериалды бағалаудың артықшылықтары мен шектеулері. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Білім сапасын бағалау технологиялары. Оқу жетістіктерін мониторингтеу. Бағалау жүйесінің білім сапасына ықпалы.

8.Тәрбие теориясы және ұлттық құндылықтар
Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының басым бағыттары. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие. Этнопедагогика идеяларының өзектілігі. Қазақ ағартушыларының педагогикалық идеялары. Рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны.

9.Педагогтің кәсіби дамуы және педагогикалық шеберлігі
Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігі. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мұғалімнің рөлі. Академиялық еркіндік пен академиялық адалдық мәселелері. Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы. Заманауи педагогтің кәсіби моделі.

10.Білім беру жүйесін басқару және педагогикалық менеджмент
Педагогикалық менеджменттің білім сапасын арттырудағы рөлі. Білім беру интеграциясы мен пәнаралық оқыту ерекшеліктері. Қазіргі білім беру жағдайындағы педагогикалық үдеріс компоненттері. Білім беру ұйымдарын басқарудың инновациялық тәсілдері. Білім беру реформаларының даму бағыттары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Құрманалина Ш., Ғалымова Ә. Педагогика. Оқу-әдістемелік құрал. -- Астана: «Фолиант», 2012. – 278 б.
- 2.Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
- 3.Бабаев С.Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 124 б.
- 4.Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеулер әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
5. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы, Дарын, 2006. – 480 б.

6. Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.
7. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. И сред. учеб. заведений. / Под ред. С. А. Смирнова. 7-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 515 с.
8. Байжанова З. Т. Жалпы педагогика: Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.
9. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика. – СПб: «Питер», 2001. – 304 с.
10. Харламов И. Ф. Педагогика. Учебник для студентов педагогических вузов. – Минск, 2002. – 560 с

Қосымша:

1. Дүйсенбаев А. Қ., Елеусінова Г. Е. Педагогикалық менеджмент негіздері: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2013. – 128 б.
2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
3. Вазина К. Я., Петров Ю. Н., Белиловский В. Д. Педагогический менеджмент. – М.: Педагогика, 1991. – 268 с.
4. Васильев Ю. В. Педагогическое управление в школе: методология, теория, практика. – М.: Педагогика, 1990. – 254 с.
5. Гриценко Л. И. Теория и методика воспитания: Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведения. – М.: Академия, 2005. – 240 с.
6. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2011. – 244 б.
7. Давыдов В. В. Виды обобщения в обучении. – М.: Педагогика, 1972. – 423 с
8. Жумадуллаева А. Отбасы – некелік тәрбие негіздері. – Алматы, 2007. – 146 б.
9. Леднев В.С. Содержание общего среднего образования. Проблемы структуры. – М: Педагогика, 1990. – 264 с.
10. Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведения. – М.: Академия, 2013. – 240 с.

«Ғылыми зерттеу әдістері» пәні

1. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің негізгі категориялары мен ұғымдары. Қазіргі педагогика ғылымындағы теориялық-әдіснамалық бағыттар мен парадигмалар. Әдіснамалық тұғырлардың білім беру үдерісіндегі рөлі. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің өзектілігін анықтау. Зерттеу деңгейлерінің өзара байланысы.

2. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің құрылымы мен аппараты
Ғылыми-педагогикалық зерттеу құрылымының негізгі компоненттері. Зерттеу аппараты: мақсат, міндет, объект, пән, болжам. Ғылыми болжамды

құрудың теориялық негіздері. Зерттеу гипотезасын тексеру жолдары. Зерттеу құрылымының компоненттерін жүйелеу.

3. Педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері
Ғылыми-педагогикалық зерттеу жүргізудің кезеңдік құрылымы. Ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру кезеңдері. Педагогикалық экспериментті ұйымдастырудың талаптары. Зерттеушінің басқарушылық және үйлестірушілік қызметі. Эксперименттік зерттеудің ғылыми нәтижелер алудағы маңызы.

4. Педагогикалық зерттеу әдістерінің жүйесі
Педагогикалық зерттеу әдістерінің мазмұны мен ерекшеліктері. Зерттеу әдістерін тандаудың өлшемдері мен талаптары. Әдістер мен әдіснамалық тұғырлардың байланысы. Бақылау, сауалнама және эксперимент әдістері. Теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері.

5. Педагогикалық зерттеудегі сандық және сапалық талдау әдістері
Сандық талдау әдістерінің ғылыми негіздері. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу. Контент-талдау әдісінің ерекшеліктері. Сапалық талдау тәсілдері. Мәліметтерді интерпретациялау жолдары. Зерттеу сапасын бағалау өлшемдері.

6. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс және теориялық талдау
Ғылыми әдебиеттерді теориялық талдаудың маңызы. Әдеби дереккөздерді жүйелеу және сараптау. Ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу әдістері. Ғылыми еңбектерді салыстырмалы талдау. Дәйексөз келтіру және библиографиялық рәсімдеу талаптары.

7. Педагогикалық эксперимент және диагностикалық зерттеу технологиялары
Педагогикалық эксперименттің ғылыми ұйымдастырылу кезеңдері. Диагностикалық зерттеу әдістері. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін анықтау тәсілдері. Зерттеушілік дағдыларды диагностикалау әдістері. Педагогикалық диагностиканың ерекшеліктері.

8. Бастауыш білім берудегі ғылыми-зерттеу қызметі
Бастауыш білім беру жүйесіндегі ғылыми жобалардың педагогикалық маңызы. Бастауыш білім берудегі зерттеу жұмыстарының ерекшеліктері. Дидактикалық құралдарды пайдаланудың әдіснамалық негіздері. Оқу процесіндегі зерттеушілік технологиялар. Бастауыш сыныптағы инновациялық зерттеу бағыттары.

9. Қазіргі білім беру жағдайындағы ғылыми-зерттеу технологиялары
Қашықтықтан оқыту жағдайындағы оқу процесін жоспарлау. Цифрлық білім беру ресурстарын зерттеуде қолдану. Қазіргі педагогикалық зерттеулердегі инновациялық технологиялар. Онлайн зерттеу ұйымдастыру ерекшеліктері. Ақпараттық технологиялардың ғылыми зерттеудегі рөлі.

10. Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелерін рәсімдеу және бағалау
Ғылыми зерттеу нәтижелерін өңдеу және рәсімдеу. Зерттеу сапасын бағалау критерийлері. Ғылыми қорытынды жасау әдістері. Зерттеу нәтижелерін

практикаға енгізу. Ғылыми жарияланымдар дайындау ерекшеліктері.
Ғылыми-педагогикалық зерттеудің тиімділігін бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Ким Н.П., Кызылов М.А. Организация и планирование научных исследований: учебное пособие для магистрантов / Н.П. Ким, М.А. Кызылов. – Костанай: КГУ им.А.Байтурсынова, 2016. – 160 с
2. Методология научного исследования: учебное пособие / Н.. Липчиу, К.И. Липчиу. – Краснодар: КубГАУ, 2013. – 290 с.
3. Основы военно-научных исследований: учебник / И.В. Лютиков, Е.Н. Гарин, С.В. Верховец [и др.]-322с.Красноярск: СФУ,2027
4. Методология научных исследований: учеб. пособие / А.Б. Пономарев, Э.А. Пикулева. – Пермь: Изд-во Перм. нац. исслед. политехн. ун-та, 2014. – 186 с.
5. Барвиненко, В.В. Основы военнаучных исследований: учебник / В.В. Барвиненко, В.Ф. Барцевич, В.С. Буров, В.В. Замараев [и др.]. – Тверь : ВА ВКО, 2008.
6. Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология научного исследования. – М.: Либроком, 2010. – 280 с.
7. Крампит А.Г., Крампит Н.Ю. Методология научных исследований. – Томск: Изд-во Том. политехн. ун-та, 2008. – 164 с
8. Ибраева А.Г., Ипполитова Т.В. Академическое письмо: принципы структурирования и написания научного текста /А.Г. Ибраева, Т.В. Ипполитова. - Петропавловск: СКГУ им. М.Козыбаева, 2015. – 106 с
9. Герасин А.Н., Отварухина Н.С. Магистерская диссертация: учеб. пособие для магистрантов / Мос. гос. ин-т управл. – М., 2010. – 56 с.
10. Кондубаева М.Р. Синергия методологии и интегральной технологии трехязычного образования / Авторы Кондубаева М.Р., Онгарбаева А.Т., Исмакова Б.С., Ахметова Н.А., Карасик В.И., Тулкинбаев Н.А. Казахский, русский, и английские языки. – Алматы: ИП «Балауса», 2021. – 2021. – 504 с

Қосымша:

1. Берков В.Ф. Философия и методология науки: Учеб. пособие. – М.: Новое знание, 2004. – 336 с
2. Кузнецов И.Н. Диссертационные работы: Методика подготовки и оформления: учебно-методическое пособие / под общ. Ред. докт. экон. наук, проф. Н.П. 61 Иващенко. – М., 2003. – 426 с.
3. Кузнецов И.Н. Научное исследование: Методика проведения и оформление. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004. – 432 с.
4. Лаптев В.В. Подготовка кадров высшей квалификации на современном этапе развития высшей педагогической школы: монография. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2000. – 204 с.

5. Новиков А.М. Как работать над диссертацией: пособие для начинающего педагога-исследователя. – 4-е изд. – М.: Изд-во «Эгвес», 2003. – 104 с.

Ушаков Е.В. введение в философию и методологию науки: учебник. – М.: Издво «Экзамен», 2005. – 528 с.

«Жеке пәндерді оқытудағы жаңа технологиялар» пәні

1.Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогикалық технологиялар. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогикалық тәсілдердің ерекшеліктері. Оқыту мен тәрбиелеудің негізгі бағыттары мен принциптері. Қазіргі бастауыш білім беру жүйесіндегі ғылыми-әдіснамалық ұстанымдар. Инновациялық педагогикалық технологиялардың оқу-тәрбие процесіндегі рөлі. Қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру.

2.Бастауыш білім беру жүйесінің дамуы және жаңартылған білім мазмұны. Қазақстандағы бастауыш мектеп жүйесінің тарихи қалыптасуы мен дамуы. Қазіргі бастауыш білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны. Жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының ерекшеліктері. Білім беру стандарттарын іске асырудағы нәтижеге бағытталған оқыту. Қазіргі білім беру реформаларының бастауыш мектепке ықпалы.

2.Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық және психологиялық дамуы

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың жас және физиологиялық ерекшеліктері. Оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік және психологиялық факторлар. Оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің педагогикалық шарттары. Білім беру траекториясын анықтаудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Танымдық және тұлғалық дамуды қолдау технологиялары.

3.Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық қызметі

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. Мұғалімнің кәсіби стандарты негізіндегі құзыреттілік талаптары. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. ХХІ ғасыр бастауыш сынып мұғалімінің моделі. Мұғалімнің кәсіби бейімделуі.

4.Бастауыш білім берудегі инновациялық педагогикалық технологиялар

Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану ерекшеліктері. Білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері. Цифрлық ресурстар мен заманауи технологияларды қолдану. Интерактивті және зерттеушілік оқыту технологиялары. Педагогикалық инноватиканың теориялық негіздері.

5.Бастауыш мектептегі бағалау және педагогикалық диагностика технологиялары

Педагогикалық диагностиканың мақсаты мен қолдану ерекшеліктері. Критериалды бағалау нәтижелерін педагогикалық диагностикада қолдану. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Бағалау критерийлерін әзірлеу. Білім сапасын мониторингтеу әдістері.

6.Бастауыш сыныптағы педагогикалық коммуникация және білім беру ортасы

Қазіргі бастауыш мектеп мұғалімінің педагогикалық коммуникация мәдениеті. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері. Білім беру ортасын ұйымдастыру. Ынтымақтастық педагогикасы. Педагогикалық қарым-қатынастың тәрбиелік мүмкіндіктері.

7.Бастауыш білім беру жүйесіндегі зерттеушілік және әдістемелік қызмет

Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру жолдары. Мұғалімнің әдістемелік қызметінің мазмұны мен рөлі. Ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру. Педагогикалық тәжірибені зерттеу және тарату. Инновациялық әдістемелік жұмыстар.

8.Қазақ ағартушыларының идеялары және құндылыққа бағытталған білім беру

Қазақ ағартушыларының бастауыш білім беру идеялары. Қоғамдық құндылықтардың бастауыш білім беру мазмұнын қалыптастырудағы рөлі. Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызы. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ұлттық педагогика.

9.Бастауыш білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістер мен даму бағыттары. Жаңа технологияларды енгізудің педагогикалық шарттары. Цифрландыру жағдайындағы бастауыш білім беру. Мұғалімнің көшбасшылық қабілеттерінің білім беру сапасына әсері. Болашақ бастауыш білім беру моделінің даму перспективалары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Коджаспирова Г.М. Педагогика: учебник для академического бакалавриата. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Юрайт, 2019. – 719 с.
2. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: Оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357 б.
3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 224 с.
4. Подласый И.П. Педагогика начальной школы: учебник. – Москва: Владос, 2008. – 463 с.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000. – 384 б.

6. Пидкасистый П.И. Педагогика: учебное пособие для вузов. – Москва: Юрайт, 2011. – 502 с.
7. Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.
8. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. – Алматы, 2011. – 316 б.
9. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы: Ғылым, 2001. – 296 с.
10. Кукушкин В.С. Теория и методика обучения: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 474 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Бабанский Ю.К. Педагогика. – Москва: Просвещение, 1993. – 608 с.
2. Харламов И.Ф. Педагогика: учебное пособие. – 4-е изд. – Москва, 2003. – 512 с.
3. Смирнов С.А. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии. – Москва, 2003. – 512 с.
4. Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 220 б.
5. Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2014. – 336 б.
6. Муканова С.Д. Тенденции развития структуры школьного образования. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 256 с.
7. Емельянова Т.В. Педагогика начального образования: методические рекомендации. – Тольятти: ТГУ, 2008. – 51 с.
8. Загвязинский В.И., Строкова Т.А. Педагогическая инноватика: проблемы стратегии и тактики. – Тюмень: Издательство ТГУ, 2011. – 176 с.
9. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. – Астана, 2005. – 32 с.
10. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан №988 от 27 декабря 2019 года.

Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері
кафедрасының меңгерушісі



А. Абуханова

ББ жобалық офисінің жетекшісі



Б. Рысдаулетова

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Ә. Мейрамбек

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры



Г. Кыдырбаева

Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор



Б. Таубаев